

# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛ ШЫҒАРЫСЫ

■ РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА  
■ ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№64 (2447) 16/07/2019

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

#### ЦИТАТА ДНЯ

**Марат ШАКЕНОВ,**  
УПРАВЛЯЮЩИЙ ДИРЕКТОР  
ПО БЕЗОПАСНОСТИ  
АО «НК «ҚТЖ» – ДИРЕКТОР  
ДЕПАРТАМЕНТА  
БЕЗОПАСНОСТИ ДВИЖЕНИЯ:

« **НОВЫЙ ПОР-  
ТАЛ «БЕЗ-  
ОПАСНОСТЬ  
– ПРЕЖДЕ ВСЕГО»  
СТАНЕТ ПОЛНО-  
ЦЕННОЙ ОТКРЫТОЙ  
КОММУНИКАЦИОН-  
НОЙ ПЛОЩАДКОЙ  
ДЛЯ АКТУАЛИЗА-  
ЦИИ ВОПРОСОВ  
РАЗВИТИЯ КУЛЬТУ-  
РЫ БЕЗОПАСНОСТИ  
И НУЛЕВОЙ ТЕРПИ-  
МОСТИ К НАРУ-  
ШЕНИЯМ** »

#### СЕРВИС

#### АКТИВНЫЙ СЕЗОН

В летний период АО «Пригородные перевозки» запустило дополнительные поезда, изменило периодичность курсирования и схемы ряда составов по маршрутам, пользующимся повышенным спросом у населения.

Так, до конца лета продлен маршрут следования скорого пригородного электропоезда №7507/7508 сообщением Нур-Султан-Нурлы жол – Кокшетау-1 до станции Володарское. Пассажирские поезда №457/458 Семей – Достык и №459/460 Оскемен-1 – Достык в этот период будут курсировать через день (вместо одного раза в 4 дня).

По заказу Дирекции магистральной сети АО «НК «ҚТЖ» до конца года назначено курсирование пригородного поезда №6960/6959 Сарышаған – Мойынты по будням, кроме праздничных дней. До отмены по вторникам и четвергам будет курсировать также пригородный электропоезд №6864 сообщением Темиртау – Караганда по свободной нитке электропоезда №6868. Вместо электропоезда №7555 назначено курсирование скорого пригородного электропоезда №7553 сообщением Караганда – Нур-Султан-1 (утренний) в одном направлении ежедневно.

Исходя из анализа населенности, увеличена схема состава пригородного электропоезда №6829/6830 сообщением Ерейментау – Кокшетау-1 до 8 вагонов вместо 6. Организована прицепка вагонов к пассажирским поездам №610/609 Караганда – Жезказған и №606/605 Караганда – Балхаш-2 на период перестоя беспересадочных вагонов АО «Шубарколь-комир». Кроме того, планируется назначить дополнительные электропоезда по свободной нитке №7510 по маршруту Нур-Султан-1 – Екибастуз в одно направление.

*Любовь РОББА*

#### ЖОЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



## ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС, БАРҚЫТТАЙ ЖҰМСАҚ...

Компанияның маңызды міндеттерінің бірі – жол шаруашылығының инфрақұрылымдық нысандарының сенімділігі мен функционалдық қауіпсіздігін басқару. Осы ретте, жол шаруашылығы мамандары жолдарға күрделі жөндеу және жаңғырту жұмыстарын жүргізу көлемін толық көлемде орындап, тақтайдай тегіс, барқыттай жұмсақ, жайлы да сенімді телімдерді арттырып отыр.

Сұлғұл БАКЕСОВА	
<p>Айталық, 187 км жолға жаңа материалдарды төсей отырып күрделі жөндеу жүргізілсе, 43 км жол күшейтілген орта жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болған. Сонымен қатар 57,5 км көлемінде рельс тізбегі тұтастай алмастырылып, 17 км жолда ескі жарамды рельстер алмастырылған.</p> <p>Жазғы жол жұмыстары барысында теміржолдарды жаңғырту және сауықтыру жұмыстары да табысты жүзеге асып жатыр. Мәселен, заманауи машиналар кешенін пайдалана отырып, 4720 км жол және 588 бағыттағыш бұрманың қиыршық тастары жаңаланып, нығайтылып, жолдарды тегістеу, түзету, ажарлау жұмыстары жүргізілген. Жыл сайын қарқынды жүргізіліп жатқан жөндеу жұмыстары түйіспесіз, яғни ел аузында «барқыт жол» деп атанып кеткен телімдердің ұзындығын арттырып отырған көрінеді. Айталық, бүгінде негізгі телімдердегі түйіспесіз жолдар ұзындығы 12,8 мың км құраса, темірбетонды негіздегі шпалдар төселген жол ұзындығы 14,8 мың км жеткен. Яғни, өткен жылымен салыстырғанда, пойыздар қатынасы үшін жайлы жолдар ұзындығы 200 км артқан.</p> <p>«Жолдарды сауықтыру бойынша жоспарлы тапсырмалардың орындалуы 2019 шақырымда пойыздардың қозғалыс жылдамдығын арттыруға ықпал етті. Соның ішінде «Тальго» вагондарынан жасақталған жолаушы пойыздары үшін 240 шақырымда, қарапайым жолаушылар пойыздары үшін 465,3 шақырымда, ал жүк пойыздары үшін 354 шақырымда, сондай-ақ, контейнерлік пойыздар үшін 959 шақырымда қозғалыс жылдамдығы көтеріліп отыр. Жол шаруашылығы мамандарының алдындағы ендігі міндет – осы жылдамдық өскен және бұрыннан жылдамдық жоғары телімдерде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін толық қамтамасыз ету», – дейді Магистральдық желі дирекциясы директорының қауіпсіздік</p>	<p>жөніндегі орынбасары Бахытбек Алдажаров. Маман сөзіне сүйенсек, Дирекцияда жол аралығы, блок-телім ұзындығына тең келетін ұзын түйіспесіз жол бунақтарын дәнекерлеу технологиясын жетілдіру жолға қойылған. Бұл өз кезегінде буын жолдармен салыстырғанда пойыздар жылдамдығының қолайлылығы мен жатықтығын арттырмақ. Тақтайдай тегіс, барқыттай жұмсақ жайлы жолдар, сондай-ақ, техникалық құралдардың жөндеу аралық мерзімін ұлғайтып, пойыздар тартымына кететін шығындарды төмендете түспек, сондай-ақ, тартымдық және белгі беретін электр тізбектерінің жұмыс сенімділігін арттырмақ.</p> <p>Сонымен қатар өндірістік процестердің тиімділігін арттыру шеңберінде Компания тарапынан ресурсжинақтау технологиялары енгізілуде екен. Аталған технология активтің өмірлік циклын ұтымды пайдалану мақсатында жолдың үстіңгі құрылымының материалдарын қайтадан пайдалануға мүмкіндік беріп отыр.</p>

#### МОРПОРТ

## ЭКСКУРСИЯ ПО ГРУЗОВЫМ ПРИЧАЛАМ

На днях порт Актау посетил Полномочный посол Федеративной Республики Германии доктор Тило Клиннер в сопровождении делегации от Союза германской экономики в РК. Они – представители пятнадцати компаний, ориентированных на поставку различного оборудования, промышленного сервиса, портового строительства, транспортных услуг, среди них Thyssenkrupp – глобальный промышленный концерн, немецкий производитель программного обеспечения для организаций SAP SE, крупнейший авиаконцерн Европы Lufthansa и другие предприятия.

#### Асель ШАЙХЫНОВА

Тило Клиннер отметил, что визит в порт Актау, прежде всего, вызывает большой интерес в рамках интенсивного развития нового Транскаспийского международного транспортного маршрута, открывающего большие возможности для поддержания торговых взаимоотношений между Европой и Центральной Азией.

Президент порта Актау Абай Ту-

рикпенбаев рассказал гостям о его производственных возможностях и ближайших перспективах, связанных с открытием регулярной контейнерной линии по маршруту Актау – Баку – Актау, которая обеспечивает доставку грузов из Китая в европейские страны. Ожидается, что уже к концу текущего года объемы перевалки возрастут, и на линии будет запущено второе фирменное судно. Первый вице-президент порта Мехта Назбан продемон-

стрировал подробную презентацию о деятельности порта.

В ходе встречи западные бизнесмены заинтересовались потребностями порта в различных сервисных работах, поставках оборудования, обслуживании железнодорожных путей, создании инфраструктуры по транспортировке сыпучих материалов, задавались вопросы о готовности порта к обеспечению пассажирских круизных перевозок. В завершение работники отде-



ла маркетинга провели для гостей подробную экскурсию по грузовым причалам.

Дипломатический деловой визит в Актау состоялся при участии Управления индустриально-иннова-

ционного развития Мангистауской области с целью расширения торгово-экономического сотрудничества и ознакомления с транспортно-логистическим потенциалом региона.

*Фото автора*

#### АҚПАРАТ

#### ТӘЖІКСТАН НАРЫҒЫНА ТАҒЫ БІР ҚАДАМ

Үкімет басшысы Асқар Маминнің Тәжікстанға ресми сапары барысында «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ және «Рохи охани Точикстон» ГУП арасында Келіссөздер хаттамасына қол қойылды.

2018 жылы екі ел арасындағы сауда-саттық 8,2% өсіп, тауарайналымы 900 млн АҚШ долларын құраған. Тәжік елінің үкімет басшысы Кохир Расулзоданың айтуынша, Қазақстан тауарайналымы бойынша Тәжікстанның екінші серіктесі болып табылады. Алайда, Қазақстанның тәжік елінің басты серіктесіне айналу мүмкіндігі бар. Қазір осы бағытта екі елдің үкіметі белсенді жұмыстар жүргізіп жатыр. Биылдың өзінде екі ел арасындағы тауар айналымын 1 млрд долларға дейін, ал 2020 жылы 2 млрд АҚШ долларына дейін жеткізу көзделген. Тәжікстанға биылғы жылдың бес айында 443 мың тонна бидай сырттан әкелінген. Осы ретте, тәжік нарығына астық пен бидайдың негізгі жеткізуші ел Қазақстан болып отырғанын атап өтер едік.

Сапар барысында қазақ-тәжік үкіметаралық келіссөздері жүргізілді. Тараптар қазақстандық өнімдерді жеткізу көлемін ұлғайту және номенклатураны кеңейту бойынша қол жеткізілген келіссөздердің іске асуын жалғастырмақ. Әсіресе, назар көлік және логистика, ауыл шаруашылығы, өнеркәсіптік кооперация, тағысын тағы салада инвестициялық өзара іс-қимыл механизмдерін жетілдіруге аударылды.

Жалпы үкімет басшысының ресми сапары барысында екіжақты ынтымақтастықты нығайтуға қатысты 11 құжатқа қол қойылды. Соның бірі – Тәжікстан нарығына қазақстандық бидайды жеткізуге қатысты келісімшарт болып отыр. Оның құны 6 млн АҚШ долларын құрайды.

*Нұрбек БЕКЕН*

#### КОНТЕЙНЕРЛІК ТАСЫМАЛ ЕСЕЛЕП ӨСКЕН

Қазақстан темір жолы бойынша биыл жыл басынан бергі 6 айда 120 млн тоннадан астам жүк тиеліп, жүк айналымы 107,6 млрд тонна-км құраған. Эксплуатациялық жүк айналымы бойынша жоспар 102,4%-ке орындалып отыр.

Осы жылы қаңтар-маусым аралығында тиелген 120 млн тоннадан астам жүктің ең көп бөлігін көмір құрайды. Мәселен, сол тиелген жүктердің 48 млн тоннасы – көмір, 5,4 млн тоннасы – астық, 9,7 млн тоннасы түсті металл кені, 8,8 млн тоннасы – құрылыс материалдары, 12,8 млн тоннасы темір рудасы болған.

Қазақстан аумағы бойынша транзиттік жүктер көлемі 7 млн тоннаны құрады. Контейнерлік жүктер тасымалы 291 мыңнан астам ДФЭ (жиырма футттық эквивалент) болған. Бұл өткен жылғы сәйкес кезеңде қол жеткізілген нәтижеден 141% жоғары.

Контейнерлік транзиттің негізгі бағыты Қытай-Еуропа-Қытай бағыты болып қалуда. Бұл бағдармен 146 мыңнан астам ДФЭ жүк тасымалданған, ол да өткен жылмен салыстырғанда 129%-ке көп. Қазақстан аумағы арқылы транзиттік контейнерлік тасымалдың айтарлықтай өсімі басқа бағыттар бойынша да байқалды. Соның ішінде Транскаспийлік халықаралық көлік бағдары бойынша 2 мың контейнерден жоғары ДФЭ жүк жеткізіліп, бұл да былтырғы көрсеткіштен 158% артық шықты. Қытай-Иран-Қытай дәлізі арқылы 1,6 мың контейнер тасымалданды, бұл да биылғы жылдағы нәтижеден 350% жоғары түсіп отыр.

*Нұрсая НҰРЛАНҚЫЗЫ*

#### ЦИФРА НОМЕРА

НА

19%

**ВЫРОС ОБЪЕМ ПЕРЕВОЗ-  
КОВ МЕЖДУ РК И КНР В  
ПЕРВОМ ПОЛУГОДИИ**



ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІ МӘДЕНИЕТІ

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ бойынша жыл басынан бері қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Қызметкерлердің компания мақсатын түсінбеуі, мәселелерді шешуде тәжірибесінің жеткіліксіз болуы, өзгелерге үйретуі мен өзі де үйренуді қаламауы, жеке қателіктерін мойындамауы, шынайылықты «әсірелеуге» тырысуы олардың қозғалыс қауіпсіздігі бойынша мәдениетінің жеткіліксіздігін көрсетеді. Маңғыстау вагон пайдалану депосында осы бағытта мәдениетті қалыптастыру ережелері жазылған ан-шлагтар ілінуде. Оларда: «Білмесең – басыдан немесе әріптесіңнен сұра», «Қозғалыс қауіпсіздігінің бұзылуына әкеп соғатын жарамсыздықты байқасаң – оны болдырмаудың шараларын жүзеге асыр» деген және тағы басқа да үндеулер жазылған. «Егер сіз ешнәрсені өзгерткіңіз келмесе, сіздің орныңызға өзге біреу өзгеріс орнатады» деген де ескерту ілінген.

Сонымен қатар қозғалыс қауіпсіздігі мәдениетінде тәуекел факторының себеп-салдарын бақылағанда, оған жұмыстың нақты жобаланбауы, технологиялық үдеріс пен нұсқаулық талаптарының орындалмауы, бақылаудың регламентке сәйкес жүргізілмеуі, сонымен қатар тікелей басшы тарапынан бақылаудың болмауы, мамандардың практикалық білімдері мен дағдылары деңгейінің төмендігі, т.т. себеп болатыны айтылған.

Нұрай СӨРСЕНҒАЛИ, Маңғыстау

КЕДЕРГІЛЕР АЗАЙМАЙ ТҰР

Жыл басынан бері алғашқы тоқсанда Шымкент жол бөлімшесі бойынша қозғалыс қауіпсіздігіне қатысты 7 жағдай тіркелген. Олардың дені адам факторымен байланысты. Өкінішке орай, бейсауыт жандар кесірінен қозғалыс қауіпсіздігіне кедергі аз болмай отыр.

Тарқатып айтар болсақ, 4 адам басу оқиғасы болған. Жыл басында, қаңтар айында Шымкент-Арыс учаскесінің Қорғасын-Игілік өткеліндегі 3276-шақырымның 5-пикетінде ВЛ80С-1322 электро-возымен №3101 жүк пойызын басқарып келе жатқан машинист Абилкин (ТЧЭ Тараз) шұғыл тоқтауға мәжбүр болған. Небәрі 53 км/с жылдамдықпен келе жатса да жолда кетіп бара жатқан қыз баланы қағып кеткен. 2000 жылы дүниеге келген қызды Шымкент қаласындағы жедел жәрдем келіп алып кетеді.

Екінші адам қағып кету оқиғасы ақпан айында болған. Дарбаза станциясында ВЛ80С - 2329 электро-возымен №2902 жүк пойызын тартып келе жатқан машинист Алипбеков (ТЧЭ Арыс) 45 км/с жылдамдықпен келе жатып, шұғыл тежеу қолданған. Салдарынан жолға шығып кеткен 2008 жылы туған жас қыз оқиға орнында көз жұмды.

Осы ақпан айында Арыс станциясында өндіріске қатысты бір жағдай орын алған. Арыс-1 станциясында жылжымалы құрамның рельстен шығып кету оқиғасы тіркелген. Бұдан кейін наурыз айында да екі оқиға тіркелген. Біріншісі, Шымкент-Түлкібас, Шымкент-Қызылсай өткелінің 3296-шақырымындағы 10-пикетте ВЛ40М-1821 электровозының машинисі Монастыр-ский (ТЧЭ Тараз) №8992 пойызбен сағатына 46 км жылдамдықпен келе жатып, шұғыл тоқтаған. Себебі, 2012 жылы туған баланы қағып кетіп, оны да жедел жәрдем ауруханаға алып кеткен. Екіншісі, Түлкібас-Шымкент, Қызылсай-Шымкент перегонының 299-шақырымдағы 4-пикетте де машинист Тоғызбаев (ТЧЭ Арыс) №2903 пойызбен небәрі 37 км жылдамдықпен келе жатқан жерінен шұғыл тежеу жасайды. 25 жастағы әйелді жедел жәрдем ауруханаға жеткізеді.

Көріп отырғанымыздай, адам қағу оқиғаларының бәрі елді мекендер арасында болғандықтан машинистер жылдамдықты төмен ұстамаған, сондықтан бәрі бірдей қайғылы жағдаймен аяқталмаған деуге болады.

Сондай-ақ, Шымкент-Арыс учаскесіндегі Игілік-Бадам өткелінің 9 және 10 пикеттерінде арыстық машинистер Абатов пен Орынбасаров жолдың шайқалуын хабарлаған. Аталған фактілер бойынша жөндеу жұмыстары жүргізіліп, кемшіліктер қалпына келтірілді дейді Шымкент жол бөлімшесінің ревизорлары. Мамандар теміржол маңындағы елді мекендерге пойыздар мен вагондар қозғалысының қаншалықты қауіпті екендігін ескертуден кенде емес, бірақ айтарлықтай нәтиже болмай тұрғаны қынжылтып отыр деседі.

Жан ПЕРДЕБЕК, Түркістан облысы

БІЛІМ ЖЕТІЛДІРУДЕГІ БЕЛСЕНДІЛІК

Аймақ теміржолшыларының жалпы сала бойынша білім-білігін жетілдіру үшін арнайы бағдарламалар түзіліп жолға қойылған. Осы бағдарлама негізінде бөлімшеге қарасты сала мекемелерінің теміржолшылары теориялық білім жетілдіру орындарында болып, білімдерін көтеріп, өндіріске тың серпімен қосылып отыруы дәстүрге айналған.

Мысалы, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша ағымдағы жылдың алты айында 415 теміржолшы еліміздің салалық білім жетілдіру орталықтарында теориялық және практикалық білім деңгейін көтеріп, шеберліктерін шыңдаған екен. Бұл жайында бөлімшенің кадр бөлімі басшысы Айдана Нұрмашқызы мәлімдеді.

– Бөлімше теміржолшыларының білімін жетілдіру соңғы жылдары өте белсенді жүргізілуде. Жұмысшы-қызметкерлердің еліміздегі арнайы орталықтарында болып білім нәрімен сусындап, жаңа технологияларды игеруіне аса көңіл бөлініп отыр. Соның арқасында технологиялық жаңалықтарды игеру де белсенді жүріп жатыр. Биылғы алты айда бөлімше бойынша 415 теміржолшы Ақтөбе, Нұрсұлтан және Тараз қалаларындағы білім жетілдіру орталықтарында білімін жетілдіріп өндіріске оралды, жыл бойы осы үрдіспен жүргізіледі. Сонымен қатар, биыл Өрт сөндіру пойызы (Норпож) саласынан да бірнеше маман Қызылорда қаласында білім жетілдіру курстарынан өтті, – дейді кадр бөлімінің басшысы Айдана Нұрмашқызы.

Ал бөлімшенің өзінде өткізілетін әртүрлі тақырыптағы семинарлар, күнделікті мамандар тарапынан жүргізілетін техникалық сабақтар, пысықтау инструктаждары, күндізгі және түнгі мезгілде тосын бақылау жұмыстары бар – бәрі айналып келгенде теміржолшылардың кәсіби міндетін мінсіз атқарып, пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтауды арттыруына негізделген.

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ, Қызылорда

АСТЫҚ ТАСЫМАЛЫ: ВАГОН ПАРКІ ЖЕТКІЛІКТІ

Шымкент қаласында астық пен ұн тасымалына қатысты жиын болып өтті. «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ бас-тамасымен өткен кеңеске Түркістан облысындағы астық өндіруші, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының, көлік компанияларының басшылары қатысты.



Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Түркістан облысы кәсіпкерлер палатасы өкілінің төрағалығымен өткен жиында негізінен Шымкент ЖТ бөлімшесінің клиенттері болып табылатын кәсіпкерлер мүддесі ортаға салынып, биылғы жаңа егін науқанына байланысты ұн және астықты теміржол көлігімен тасымалдауды дер кезінде қамтамасыз ету мәселесі талқыланды.

Бәрімізге белгілі, Қазақстанның астық өнімдерінің қатты түрлеріне Еуропа мен Азия нарығында сұраныс көп. Осыған орай, ҚТЖ өкілдері оңтүстіктегі кәсіпкерлермен кездесіп, биыл егін науқаны кезінде тасымалдауда қай бір жылдардағыдай вагон жетіспеу-

шілігі сынды мәселелер туындасмас үшін алдын ала кеңесу үшін бас қосты.

«ҚТЖ биыл астық және ұн тасымалдау жоспарын ертерек бекітіп, осы жоспар аясында Солтүстік Қазақстан облысы, Қостанай, Көкшетау қалаларында алқалы жиын өткізіп, енді сіздердің алдарыңызға келіп отырмыз. Астық тасымалдау шаралары бойынша кәсіпкерлермен, мемлекеттік ұйымдармен, көршілес мемлекеттермен сөйлесіп, вагондармен жеткілікті қамтамасыз ету жайын шештік. Тасымалдау бойынша статистикаға келер болсақ, елімізде 2018-2019 жылдары рекордтық көрсеткіш орын алып, 11 млн 200 мың тонна астық тиелді. Оның 8 265 тонна немесе 75 пайызын экспорт тасымалы құрайды. Экспортқа шығарылатын астықты негізгі тұтынушы елдер – Орта Азия, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрікменстан т.б. Астық

МАҚАТ: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ

Атырау жол бөлімшесінде барлық эксплуатациялық көрсеткіштерді орындау тоғыз жолдың торабы саналатын кластан тыс Мақат сұрыптау станциясының жұмысына тәуелді. Ал станция өз жұмысын үш бағытта: Мақат-Сағыз, Мақат-Бейнеу, Мақат-Атырау жүргізеді. Станция 10 жолдан құралатын қабылдау-жөнелту паркіне, 7 жолдық қабылдау (дөңесалды) және 10 жолдық сұрыптау паркіне біріктірілген.



Қосұйым МҰҚАШЕВ, Атырау

**ДӨҢЕС ҚАЙТА ЖАРАҚТАНДЫ**

Қабылдау-жөнелту паркі жүк пойыздарын жөнелту, жолаушы пойыздарын, транзитті жүк пойыздарын өңдеусіз қабылдау, ал кейде жолдардың бәрі бос болмаса, өңдеп қабылдау-жөнелтуге арналған. 1,2,3-жолдар жолаушы пойыздарын қабылдайды, соның ішінде Талы-го пойыздары да бар. Ал дөңесалды паркі 7 жолдан тұрады, негізінен транзитті жүк пойыздарын өңдеуге бағытталған. Сұрыптау паркіне келсек, мұнда барлық бағыттағы жүк пойыздары жинақталып, құрамдалады. Аз қуатты дөңестен вагондарды тарату кезінде қолдан тоқтату құрылғысы бар. Бұл үш паркке қоса барлық сұрыптау жолдарына шыға алатын №29 тартымдық жол бар, мұнда маневрлік жұмыстар жасалады.

Станция бойынша 10 сұрыптау жолы бар аз қуатты сұрыптау дөңесі жұмыс істейді. Онда вагондарды тарату процесі оларды 6-10 жолдар аралығында орындарын ауыстыру есебінен жүргізіледі, содан кейін дөңеске шығарылады. Ал бұл әрекет станция ішіндегі технологиялық операцияларды тиімді жүргізуге кері әсерін тигізіп әрі қосымша уақытты талап ететін-ді. Сол себепті сұрыптау дөңесінің қайта өңдеу тиімділігін арттыру, Мақат станциясының пойыздарды өткізу қабілеттілігін арттыру мақсатында станцияны реконструкциядан өткізу жұмыстары жүргізілді.

Жаңа дөңесті жасау үшін тиісті қаржы бөлініп, сәйкесті жол құрылысы мекемесіне тапсырма берілді. Межеленген мерзімде тапсырылған істің сөтті аяқталғаны мәлім болды. Бұрынғы дөңестің бұру жолдары жаңа дөңеске жалғанып, мінсіз тілінген таспадай

түзу тартылып тұрды. Осы дөңес кешенін іске қосу қордаланып келген қиындықтардан құтылуды ғана емес, келешектің көлемді тасымалдарын атқаруды да көздейді. Бұрын 10 шақты пойызды сұрыптауға ғана қауқары жеткен станцияда жаңа дөңес іске қосылғаннан бері тәулігіне 30 пойыз құрастырып, тиісті бағыттарға жөнелте алатын қуатқа ие болды.

ЖАҢА ЭЛЕКТРЛЕНДІРІЛГЕН ОРТАЛЫҚ

Бірақ өндірісі күннен-күнге ұлғайып, экономикалық дамуы өркендей өсіп келе жатқан мұнайлы қоспа үшін бұл дөңестің де қуаттылығы жетілдіруді қажет етті. Сондықтан сала басшылығы Мақатта электрмен орталықтандырылған қабылдау паркін жаңартуды қолға алды. Атап айтқанда, дөңесалды паркін орталықтандырылған электр желісіне қосу, яғни, қолданыстағы электр орталығын әлдеқайда жетілген жаңа түрімен ауыстырып, ЭЦ посты құрылысын салу жұмыстары жүргізілді. Оның жобасында ЭЦ-ға 15 ауыстыру стрелкасын және 13 маневрлік бағдаршамды қосу, дөңесалды паркін жарықтандыру, т.б. жұмыстар қарастырылды. Дөңесалды паркін жаңарту арқылы күтілетін негізгі нәтиже – маневрлік жұмыстар кезінде пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, схема сенімділігін көтеру және жүйенің пайдалану мүмкіндігін арттыру, маршруттарды қабылдауға, жіберуге және өткізуге дайындық кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз



ету, станциядағы жұмысшылардың штат санын көбейту және еңбек жағдайын жақсарту болып табылады.

Станцияның бас инженері Нұрбол Нұрышевтің айтуынша, қазіргі уақытта Қандыағаш-Бейнеу бағытындағы барлық жолдар мен бағыттағыш бұрмалары және Атырау станциясы бағытындағы негізгі жолға шығатын барлық жолдар электр орталығына қосылды. Ол Мақат станциясының пойыздар өткізу қабілетін бұрынғыдан 30%-ке арттыруға мүмкіндік туғызды. Дөңесалды паркі жолдарын сипаттандыру үшін кабельдік желі жүргізу мен маневрлік және пойыздық бағдаршамдар орнату бойынша іске қосыреттеу жұмыстары да жүргізілді. Пуль-табло орнату үшін электр орталығының ғимараты салынып, онда техникалық кеңсе қызметкерлері, сигнализатор үшін кабинеттер мен тамақтану бөлмесі бар.

АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕ

Станция АСУСТ автоматтандырылған басқару жүйесімен де жарақтандырылған. Бұл жүйе жедел ақпараттандыруды көздейді. Ол бір-бірімен өзара байланысты, бірыңғай нормативті-анықтамалық және ауыспалы автоматтандырылған ақпараттық жұмыс орнына негізделген. Бір сөзбен айтқанда, станциядағы барлық жұмыс туралы ақпарат көз алдында көрініп тұрады, оның ішінде пойыз құрамы, оның өзгеруі, қабылдап-жөнелту, ағыту-қосу, түсіру-тиеу, т.б. жұмыстар. Мұнда локомотив жұмысы да үнемі қадағалауда – жанар-жағармай шығыны, локомотивтер жүрісі, машинистің электронды маршруттың құру, т.б. Маневрлік құралдарды толық пайдалану және бір-келкі жүктеу үшін станция 5 маневрлік ауданға бөлінген. Маневрлік жұмыстар ТЭМ-2 маневрлік локомотивтермен атқарылады, олар белгілі бір ауданға бекітілмеген, қай жерде жұмыс кәу, соған шоғырланады. Станцияға екі жақтан бұғатталатын Мақат – РЗД 377, Мақат – РЗД 402, Мақат – РЗД 472 аралық жол қосылады.

– Атырау, Сағыз, Құлсары пойыз, станция диспетчерлерімен, ЭЧ, ШЧ, ПЧ диспетчерлерімен, пойыз қабылдаушылар, ПТО операторлары, депо, вокзал кезекшісімен жедел (цифрлы) байланыс, релелік байланыспен, АТС байланысы, машинист, пойыз құрастырушылар, сигнализатормен және парктішілік екіжақты байланыспен қамтылған. Станция прожекторлық матчтармен жарықтандырылған. Станция басында Мақат локомотив пайдалану депосы, жөндеу депосы, вокзал, ПЧ, ШЧ, ЭЧ, ВЧД-1, қалпына келтіру, өрт сөндіру пойыздары, атқыштар командасы аудандық

тасымалы Ауғанстан мен Өзбектанға төмендегенін де айта кеткен жөн», – деді жиында сөз алған «ҚТЖ» ҰК» АҚ Тасымалдарды жоспарлау жөніндегі атқарушы директоры Нұржан Келбұғанов.

Ауыл шаруашылығы министрлігі айтқандай, биылғы астық былтырғы жылдан кем болмайды. Сол себепті, астық пен ұн тасымалы бойынша екінші жартыжылдықта 4.5млн тонна астық тиеледі деп күтіледі, сонымен ай сайн 450 мың тонна ұн арту күтіліп отыр. Тасымалды 1 млн 100 тоннаға жеткізу үшін 8 500 вагон жеткілікті көрінеді.

«Айта кеткім келіп отыр, бізде вагон паркі жеткілікті, ұн тасымалдауға арналған 13 мың жабық вагон бар. Оның ішінде 8000 ҚТЖ-да, қалған 4900 – жекеменшіктегі вагондар. Астық таситын қорда 9060 бірлік вагон бар, өзге жекеменшік компаниялар 2500 вагон ұсынғалы отыр. Яғни, биыл вагондар паркі екі есеге ұлғайды.

Сондай-ақ, оңтүстік өңір кәсіпкерлеріне тасымалдауға қатысты қандай да бір мәселе туындаса да ҚТЖ сайтындағы жұмыс тобына хабарласу ескертілді. Қысқасы, теміржолдың астық тасымалдауға дайын екені баса айтылып, кәсіпкерлердің астық тиеуді өз уақытында жүзеге асырулары өтініш етілді.

Осы орайда, астық тасымалы бойынша вагон жөнелтуде кептеліс тудырмайтын арнайы бағыттардың кестесі де жасақталғанын айта кеткен жөн. Пойыз жылдамдығы тәулігіне 800-850 км тасымалдауды қамтуы қажет. ҚТЖ өкілдері вагондардың айына кем дегенде екі рет астық тасымалдауды керектігін құлаққағыс етті. Өткен жылы Өзбекстан тарапымен жүк өткізу барысында кептеліс туындаған. Биыл Өзбекстан мен Сарыағаш, Келес арқылы қозғалыс 23 пойыздан 28 пойызға дейін артып, қосымша 8 маневр локомотиві бөлінетіні де мәлім болды.

Суретті түсірген автор

Бөлімшелері шоғырланған. Барлық құрылымдық бөлімше қызметкерлері бір-бірімен қоян-қолтық жұмыс жасауда. Мақат станциясында бүгінгі күні пойыз құрастырушылар, станция кезекшілері, жүк кассирлері, тасымалдау құжаттарын өңдеу операторлары, жүк-бағаж қабылдаушы, белгі беруші, ЭВМ операторы, тауар кеңесі мамандары, т.б. станцияның қалыпты жұмыс жасауына өз үлестерін қосуда. Станцияның 5 кірме жолы бар, сондай-ақ Мақат-Индер желісіне 6 кірме жол қосылады, олармен де бірлесу жұмыс жасаймыз, – дейді бас инженер.

**ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІ АРТТЫ**

Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігінің «Темір жол станцияларының кластық көрсеткіштерін бекіту туралы» бұйрығы мен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ темір жол станциясы туралы ережеге сәйкес «ҚТЖ» ҰК» АҚ атқарушы директоры – «ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ басқарма төрағасының 2018 жылғы 23 тамыз, №684-113 бұйрығымен еліміздегі темір жол станцияларының тізбелері бекітілген болатын. Солардың ішінде Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша Мақат кластан тыс станциялар тізбесіне енгізілді. Яғни, 2016-2017 жылдар қорытындысы бойынша бөлімшешеді жүргізілген қайта есептеуге сәйкес аталған станцияның дәрежесі жоғарылады. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша Мақат станциясы 2016 жыл қорытындысында 91,85 балл, 2017 жылда 97,46 балл жинады. Жұмыс көлемінің артуы себепті осынша балл жинау кластан тыс станция нормасына сәйкес келді. Сөйтіп, Мақат станциясы 1 кластан кластан тыс дәрежесіне өсті.

Бүгінде станцияның өткізу қабілеті еселеп артқан. Қабылдау бойынша Құлсары бағытынан 17 жүк, 7 жолаушы, Сағыздан 16 жүк, 10 жолаушы, Атыраудан 28 жүк, 10 жолаушы пойыздары қабылдаса, жөнелту бойынша да сондай пойызды құрап, барлығы 63 жүк, 27 жолаушы пойызы жөнелтілген. Сондай-ақ дөңестен 28 құрама өңделіп, таратылған, барлығы – 2229 вагон. Жалпы алғанда, өткен 6 айда орташа тәуліктік 33 пойыз қабылданып, 31 вагон жөнелтілген. Жарты жылда станция бойынша 907 вагон жүк тиеліп, 801 вагон жүк түсірілсе, барлығы 5980 пойыз қабылданып, 5598 пойыз жөнелтіліпті. Станция толық қуатымен жұмыс жасауда.

Суреттерді түсірген автор








ТАРИХИ ДАТА

# ТҮРКСІБКЕ – ТОҚСАН ЖЫЛ

Осыдан 90 жыл бұрын, 1929 жылдың 19 шілдесінде Іле Алатауына, сол кездегі Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасының жаңа астанасы Алматыға алғашқы пойыз келді. Бұл 1927 жылдан бері салынып жатқан әйгілі Түрксіб темір жолының оңтүстік бағыты еді.



Сол кезде бұл оқиға туралы орталық газеттер: «... причалил первый поезд в 10-ти километрах от города (қазіргі Алматы-1 станциясы орналасқан жер), открыт сухопутный порт столицы Казахской республики» деп жазды. Ал Түрксібтің Луговой, Семей қос бағыты келесі – 1930 жылы 28 сәуірде Айнабулақ станциясында түйісіп, жол құрылысы белгіленген мерзімнен бір жыл бұрын аяқталғаны тарихтан аян.

Осы жерде Алматы-1 станциясының салыну тарихы жайлы айта кетсек. Мұны бүгінде біреу білсе, біреу білмейді. Темір жол станциясын салу жобасының бастапқы нұсқасы бойынша станцияның жолдары мен бүкіл шаруашылығы сол кездегі шағын Алматының батыс жақ шетінде болуы керек еді. Ал ол жер бүгінде қаланың кіңдігіне жапсарлас болып қалды. Станция орналасқан орын түпкілікті тандалар сәтте Түрксібті жобалап-салушылардың бірі, қазақтан шыққан тұңғыш теміржолшы-инженер Мұхаметжан Тынышпаев алғашқы нұсқаның қате екенін дәлелдейді. 1928 жылдан Түрксіб құрылысының техникалық

өндірістік бөлімінің бастығы болып қызмет атқарған Тынышпаевқа көп нәрсе жақсы таныс еді. Ол Алматы-1 станциясының орнын таңдауда, таңдалған нұсқаның тиімсіздігін дәлелдеп, баспасөзде бірнеше мақала да жариялады. Алматы губерниялық атқару комитетінің мәжілісінде сөз алып, Мәскеуге барғанда Жол қатынастары Халық комиссариатында мәселе көтерді.

Мұхаметжан Тынышпаевтың уәжі мынау еді: Алматы Қазақстанның астанасы, жас қала, әлі қанша есе өсетін қала, сондықтан егер теміржол станциясы сол жобаланған жерден салынатын болса, алдағы 20-30 жылда-ақ ол қаланың ортасы болып қалмақ. Сондықтан, теміржол станциясы қыспақта қалып, емін-еркін кеңейіп, өсіп-өркендеуіне кедергі келтірмес үшін, қауіпсіздік талаптарын да басшылыққа ала отырып, станцияны қаладан 10 км қашықтан салу қажеттігін дәлелдеуге тырысты, дәлелдеді де. Тынышпаев қала мен теміржолдың бір-бірінен тым қашық жатқанын, қарсылық танытқандарға қажет болып бара жатса, қалаға теміржол тармағын тартуға

болатынын айтқан болатын. Кейіннен солай болды да, қалаға жақын Алматы-2 станциясы салынып, ал негізгі теміржол шаруашылығы қаланың сыртында жатты.

Тынышпаевтың табандылығының арқасында салынған Алматы-1 станциясы ол кезде қаладан 10 шақырым қашық болса, қала аумағы өсе келе, міне, 90 жылда ол да орталыққа айналғандай. Бүгінде Алматы-1 теміржол станциясы – ұлы құрылыстың құрметіне Түрксіб аталатын ауданның орталығы, ірі өндірістік аудан.

Міне, алаштың арда азаматы, қазақтан шыққан тұңғыш жоғары білімді дипломы инженер-теміржолшы, көрнекті мемлекет қайраткері, тарихшы-ғалым Мұхаметжан Тынышпаевтың көрегенділігі мен табандылығының арқасында ұлт болашағы үшін жүзеге асқан бір игілікті іс осы еді.

**Тоқтарбек ҚОЖАНОВ,**  
*ардагер-журналист, бұрынғы  
«Түрксіб тынысы» газетінің  
бас редакторы*



## Құттықтаймыз!

АЛИЕВ ЖАСҰЛАН АБЫЛАЙҰЛЫ – «ҚТЖ» ҰК» АҚ Интеграциялық және сыртқы саясат департаментінің директоры (16 шілде)  
ШАЙХЫНОВА ӘСЕЛ СЕРІКҚЫЗЫ – «Қазақстан теміржолшысы» газетінің тілшісі (17 шілде)

ТРАДИЦИИ

## БУДЕТ ПРАЗДНИК ДЛЯ ВСЕХ!

**Возродить старую традицию – отмечать свой профессиональный праздник всем миром, вместе с жителями железнодорожного микрорайона «Защита» – хотят в этом году в Восточно-Казахстанском отделении грузовых перевозок.**

Как рассказал на планерном совещании с представителями предприятий стальной магистрали главный инженер Восточно-Казахстанского отделения грузовых перевозок Отарбек Касымбеков, для празднования самого важного для железнодорожников праздника создан специальный штаб.

В него вошли представители ветеранской, профсоюзной организаций, работники стальной магистрали. Возглавляет штаб Отарбек Касымбеков, его заместитель – Алибек Шуманов, ко-

торый является заместителем директора Семейского отделения магистральной сети по Восточно-Казахстанскому региону.

Планируется в рамках праздника 2 августа на площади микрорайона «Защита» установить юрты, столы под навесами для приема гостей. Будет много угощений, музыка и хорошее настроение. Здесь хотят устроить торжества так, чтобы железнодорожники смогли прийти на праздник целыми семьями, а жители микрорайона тоже не остались в стороне. Причем представители стальной магистрали уделят внимание каждой мелочи, вплоть до сервировки стола. Все-таки такой праздник бывает только раз в году!

*Ольга УШАКОВА,  
Усть-Каменогорск*

ДЕМАЛЫС МАУСЫМЫ

## АРЫС БАЛАЛАРЫН ҚАРСЫ АЛДЫ

Ел шығысына оңтүстіктегі апат орын алған Арыс қаласынан 150-ге жуық балақай келді. Демалыс күні Семей қаласындағы теміржол вокзалында балаларды қарсы алу салтанаты болып өтті.



Семей магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Айдос Жаманбаев бастаған жергілікті теміржолшылар Алматы-Қызылорда пойызынан түскен балғындарды зор сән-салтанатпен күтіп алды. Құттықтау сөз айтылып, ән мен жырдан шашу шашылған соң балақайлар Семей вокзалының жанында өздерін күтіп тұрған, теміржолшылардың көмегімен әзірленген арнайы көліктерге отырып, жазғы сауықтыру лагерлеріне көл тартты.

– Шығыс теміржолшылары Арыспен бірге! Апат орын алған оңтүстіктегі қалаға семейлік сала қызметкерлері де қолдан келген көмектерін жасап жатыр. Бір күндік жалақы аударумен қатар, «Nur Otan» партиясы филиалы арқылы арнайы азық-түлік тиелген контейнер де жөнелттік, міне, енді балаларды алдырып, табиғат аясында демалдырып қайтармақпыз, бұл олардың бастан кешкен қорқынышты оқиғаны ұмытуына сеп болып, сергітер деп ойлаймыз, – дейді балғындарды күтіп алуға келген Жаңа-Семей жол дистанциясының кәсіподақ ұйымының төрайымы Зүлфия Мәжитқызы.

Пойыздан жаңа түскен балғындарды сөзге тартқанымызда олар сол бір апат орын алған қорқынышты күнді әлі де көздеріне жас ала отырып айтып берді. Лагерье олармен психолог мамандар жұмыс істеп, түрлі көңілді ойындар өткізуі жоспарланған екен. Балақайлардың жаз қызығын көңілді өткізулеріне біз де тілектестік білдірдік.

**Қуан ЕРТІС,** *Семей  
Суретті түсірген автор*

## ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

Отбасындағы бүлдіршіндердің жазғы демалысын тиімді жоспарлайтын қызылордалық теміржолшылар биыл да жылдағы қалыптасқан дәстүрмен балаларға көңілді демалыс сыйлауды жалғастырды.

Биылғы маусымда Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі бойынша 180 бүлдіршін еліміздің көрікті сауықтыру лагерлерінде демалуда. Олардың алғашқы легі демалып та келді.

– Қазіргі таңда 100 бала «Машат» сауықтыру лагерінде демалып жатса, алғашқы лекпен 50 бала Алматыдағы «Әл-тиір» лагерінде демалып келді. Енді тамыздың алғашқы онкүндігінде тағы бір

лек Алматыға аттанады. Балаларды іріктеу олардың отбасының әлеуметтік деңгейіне қатысты таңдау жасалады. Бірінші кезекте көпбалалы, жалғызбасты, денсаулығына байланысты арнаулы көмек алатын, әлеуметтік әлсіз отбасының балаларына таңдау жасалады, жолдаманың 10 пайызын баланың ата-анасы төлесе, қалған шығындар Ұлттық компания тарапынан өтеледі, – дейді бөлімшенің кадр бөлімі

басшысы Айдана Нұрмашқызы.

Балалардың сауықтыру лагерлеріне барып-қайту кезінде бөлімшенің кәсіподақ ұйымы мүшелері, арнайы медицина қызметкері жетекшілік жасайды. Олардың қауіпсіздігі, асуының тазалығы, орналасқан орындарының санитарлық нормаларға сай болуы бақылауда болады.

– Балалар лагерінен бөлек Ұлттық компания тарапынан ұйымдастырылған «Туған елге саяхат» пойызымен саяхаттауға биыл Қызылорда ЖТ және магистральдық желі бөлімшелерінен екі-екіден бала таңдалып жіберілді, – дейді кадр бөлімі басшысы.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
*Қызылорда*

## БІЗ ЛАГЕРЬГЕ БАРАМЫЗ...



Сенбі күні Арыс қаласынан 100 бала «Машат» лагеріне жазғы демалыс лагерін өткізуге аттанды. Балалар алдымен қаламаңы тасымалы арқылы Шымкент вокзалына келді. Ол жерден арнайы екі автобуспен Манкент маңындағы лагерьге қарай бет алды.

«Жаз жайнатып, күн күлдіріп, біз лагерьге барамыз...» деп әндеткен балалардың қуанышында шек жоқ. 7 және 14 жас аралығындағы балалар үшін жолдаманың құны – 40 мың теңге. «Теміржолшы ата-аналар жеңілдікпен ол соманың тек алуы мыңын ғана төлейді» дейді Шымкент жұрт тасымалы бөлімшесінің қызметкерлермен жұмыс жасау бөлімінің бастығы Серік Тілеуіметов.

Биыл 7-сыныпқа өтетін Нұрасыл Серікбайұлы лагерьге бірінші рет бара жа-

тыр. Ол демалыс аймағында есте қалатын қызықты күндердің көп боларына, жаңа достар табарына сенімді. Ал Айғаным Қалмахан лагерьге екінші рет бара жатқанын, Машат оған қатты ұнайтынын айтты.

Арыс қаласынан барған балаларды жастарына қарай 9 жасаққа бөледі екен. Бір бөлмеде 5 баладан жайғасады. Төрт мезгіл тамақ беріледі. «Лагерьдің бағдарламасы өте қызықты, мәдени-спорттық шараларға толы. Атап айтқанда, балалар күн сайын

танертең жаттығу жасайды, екі рет бассейнге түседі. Одан бөлек, балаларға арналған шахмат, дойбы, пейнтбол үйірмелері жұмыс істейді. Кешкісін далада ашық сахнада концерт қойылып, соңы балалар би кешіне ұласады. Арнайы дидажей түрлі-түсті әуендермен кешті шаттыққа бөлейді. Балақайлар үшін қызық көп болмақ», – дейді ұйымдастырушылар.

360 бала қабылдайтын «Машат» лагеріндегі бұл лек үшінші маусым екен. Демалыс аймағында 26 қызметкер бар: педиатр, дене шынықтырудан жаттықтырушы, үйірме үйретушілері, аула тазалаушылар мен кір жуушылар. Республикалық маңызы бар лагерьге еліміздің өзге аймақтарынан да балалар келіп жатады. Бұған қоса, лагерь жанында балаларға арналған дүкен бар. Онда оқушылар балмұздақ, печенье, тәтті сусын, т.б. сатып ала алады.

**Жан ПЕРДЕБЕК**  
*Суретті түсірген автор*



## ОТДЫХАЕМ, ПОКА КАНИКУЛЫ!

В ходе продолжающейся летней кампании 11 оздоровительных центров Казахстана приняли более 1500 детей железнодорожников.

Вопросам организации детского отдыха в АО «КТЖ – Грузовые перевозки» постоянно уделяется большое внимание. Так, около 80 детей работников компании и победители творческого конкурса «Дарын» отправились в детский оздоровительный центр, расположенный в Мало-Алматинском ущелье, предгорьях Зайлиского Алатау.

Путевки родители приобретали, как и в прежние годы, на льготных условиях, оплатив лишь 10%, а остальная стоимость – из бюджета компании. Все зоны отдыха распо-

ложены в живописных местах. Ребята проживали в комфортных условиях, им было обеспечено пятиразовое питание, активная программа отдыха.

– Летом многие дети остаются без присмотра, поэтому поездка в лагерь – это возможность для родителей организовать их досуг. При выборе места отдыха для наших детей особое внимание было уделено разнообразию программ, а также новым форматам отдыха, которые учитывали интересы каждого ребенка, его индивидуальные и творческие способности, – отметил заместитель генерального директора АО «КТЖ – Грузовые перевозки» Адильжан Исмухамбетов.

Всего в летний период оздоровительным отдыхом будет охвачено более 2,7 тысячи детей и подростков из семей работников АО «КТЖ – Грузовые перевозки».

**Руслан РАХМЕТОВ**  
*Фото автора*

СПОРТ

## БЫТЬ ЗДОРОВЫМ НЫНЧЕ В МОДЕ



В турнире на Кубок железнодорожного футбольной Лиги Казпрофтранс-2019 Карагандинского региона приняли участие 9 команд, разделенных на две группы – организаций магистральной сети и грузовых перевозок.

Мероприятие прошло на стадионе «Локомотив», расположенном на станции Караганда-Сортировочная.

По словам инструктора по спорту Тагата Айманбетова, футбол – это самый зрелищный и захватывающий вид спорта, которым увлекается большое количество людей, в том числе и железнодорожники.

В футбольной лиге принял участие Андрей Попов, который ранее работал тренером по футболу в детско-юношеской школе и тренировал команду «Локомотив». Мужчине специально приехал из России, чтобы пообщаться со своими воспитанниками,

а также дать им дельные советы как профессионала, так и тренера. Несмотря на жаркую погоду, все участники вовремя прибыли на турнир. На протяжении нескольких часов их поддерживали родственники, коллеги и друзья.

– В сегодняшнем турнире участвуют команды из Сортировки и Акадыра. Команды-победители выйдут в следующий этап, после чего отправятся в Павлодар, – рассказывает Тагата Айманбетов. На станции очень много перспективных ребят, у которых большой спортивный потенциал. Поэтому большинство железнодорожников стараются здоровый образ жизни, то есть заниматься спортом.

– Здоровье нынче в моде, – подчеркнул инструктор по спорту.

В результате упорной борьбы в финал вышли две команды, занявшие 1 и 2 места. С группы Карагандинского отделения магистральной сети 1 место завоевал коллектив ПЧМ Акадыр, 2 место – аппарат НКЖС-4. Что касается группы ГП, то 1 место присуждено команде ТЧЗ-14, а 2 место ВЧДЗ-13.

Как отметил Тагата Айманбетов, в следующую субботу состоится межзональное соревнования.

*Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора*